

Шарбақты аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қаңтардағы N 6/2 "Шарбақты ауданындағы жеке санаттардағы азаматтарды әлеуметтік қолдау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 маусымдағы N 22/9 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 02 шілдеде N 12-13-148 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 тамыздағы N 140/47 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 05.08.2014 N 140/47 шешімімен.

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, Шарбақты аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қаңтардағы N 6/2 "Шарбақты ауданындағы жеке санаттағы азаматтарды әлеуметтік қолдау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде N 12-13-139 тіркелген, 2012 жылғы 23 ақпандағы ауданның "Маралды" газетінің N 8, 2012 жылғы 23 ақпандағы ауданның "Трибуна" газетінің N 8 жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың үшінші абзацында "10000 (он)" сөзі мен сандары, "67000 (алпыс жеті)" сөздерімен және сандарымен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

мәслихат хатшысы

*Сессия төрағасы, аудандық
Т. Абдрахманов*